ЖШС –гі «Аккайнік» бобекжай балабакшасы

Менгеруші Б.Сансызбаев

Республика

Ашық ұйымдастырылған іс әрекет

күні 25 қазан

Тәрбиеші: Жауынбаева М

«Аккөгершін» тобы

2024-2025 оқу жылы

25-қазан РЕСПУБЛИКА КҮНІ!

Ашық ұйымдастырылған іс әрекеті мақсаты:

Білімділік: Жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген

Дамытушылық: Отанын, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата - бабаларымыздың өнеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, ата мекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу;

Тәрбиелік: Ойларын жүйелі түрде жеткізе білу, шығармашылықпен жұмыс жасап, мәнерлеп өлең оқып, мағынасын түсіне білу дағдыларын дамыту.

Әдіс-тәсіл: сұрақ - жауап, әңгімелеу, түсіндірмелі, көрнекілік

Тәрбие үрдісі: Азаматтық, патриоттық және полимәдениеттік тәрбие беру.

Көрнекілігі: Қ.Р мемлекетік рәміздері,сюжетті сүреттер, түрлі түсті шарлар, бүктеме қағаздар.

Ұйымдастыру кезеңі: Балалар қолдарына ту ұстап кіреді.

Кенге толы қойнауы

Төлге толы жайлауы

Ол- біздің Қазақстан!

Анамыздай тілеуі- ақ

Отан бізде біреу-ақ,

Ол біздің Қазақстан!

Қайырлы күн Қазақстандықтар!

Балалар бүгінгі іс-әрекетіміз ерекше болғалы тұр ендеше әнұранмен бастайық.

Таңғажайып сәт. Ой, балалар бізге почташы хат әкелін берді кәне бірге оқиық. Хатта жазылыпты 25-шы қазан қандай мереке күні? Республика күніне байланысты Қазақстан Республикасының туның суретін салып беріңдер депті.

Сұрақ-жауап айдары

-Балалар 25- қазан Республика күні болып 2022 жылы қайта бекітілді.

Республика күнінің тарихна тоқтала кетсек, Республика күні 1990 жылы қазан айының 25-і Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды.

Сол сәттен бастап-ақ егеменді Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде танылы бастады. Әлем картасында жаңа мемлекет Қазақстан Республикасының негізі қаланды.

Қабылданған декларатция Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналады. Бұл декларацияның қабылдануымен егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік өкіметтің дербестігі мен толықтылығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынсатардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, Ту, Әнұран, сондай-ақ ұлттық валютасы бекітілді.

-Балалар сендер қандай мемілекетте тұрасыңдар?

— Қазақстан мелекетінде тұрамыз

-Қазақстан мемілекетінің президенті кім?

-Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

-Сендер қай қалада тұрасыңдар?

-Астана қаласында тұрамыз.

Балаларға жан-жақты түсінік беру.

Балалар бүгін бізде ерекше күн, біз бүгін барлық әндерімізді, тақпақтарымызды біздің Отанымызға арнаймыз, өйткені 25- қазан күні Республика күні болып тойланады.

Отан туралы кім қандай әдемі өлең жолдарын біледі?

Рамазан:

Отан – сенің ата - анаң,

Отан – досың, бауырың

Отан - өлкең, астанаң

Отан – аудан, ауылың.

Шахрияр:

Көгінде күн нұрын төккен,

Жерінде гүл жұпар сепкен.

Неткен сұлу, неткен көркем,

Осы менің туған өлкем!

Рабия:

Шықты тарап ой данадан,

Бері қарады жұлдыз беті.

Өзі қалап сайлап алған,

Елімнің бар Президенті.

Зехра:

Әнұраным, жан ұраным

Туған жерім сағынарым.

Мәңгі-бақи шырқалады

Республика, Әнұраны.

Шахзод:

Ақжайық , Алтай арасы

Қазақтың шалқар даласы

Республикама қарашы!

Жерімнің дәні маржандай

Қырманы асқар таулардай

Республикама қарашы!

-Жәрайсыңдар балалар, Республикамыз туралы тақпақтар айттық.

Қазақстан рәміздері туралы мәлімет

1992 жылы 4-маусымда жаңа мемлекеттік рәміздер Елтаңба,Ту,Әнұран бекітілді.

Елтаңбаның, тудың суретін көрсету.

-Елтаңбаның қандай белгілері бар?

-Тудың түсі қандай? Қандай белгілері бар?

-Қазақстан ,елтаңба, ту туралы кім қандай тақпақ, мақалдар біледі?

Мақал-мәтелдер:

Аида: «Отан оттан да ыстық»

Мухлиса : «Отан — отбасынан басталады»

Фарангиз: «Отан үшін отқа түс күймейсің»

Сергіту сәті:

Елімде тыныш, жерімде тыныш

Бейбіткүн әні шырқалсын.

Бақытты елім, жақұтты жерім

Тіл көзден сені сақтасын.

Дидактикалық ойын «Мемлекетіме қалай көмектесем»

Сурет бойынша әңгімелеп беру.

— Мемлекеттім алға қарай дамуы үшін не істеуміз қажет?

(білімді болумыз қажет)

— Мемлекеттіз де мәдени орындар көп болуы үшін не істеу қажет?

(біз өнерлі болумыз қажет)

-Мемлекетімізде спорт алаңдары көп болуы үшін не істеуміз қажет?(спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын сақтаумыз қажет)

-Мемлекетімізде оқу орындары көп болу үшін не ітеуміз қажет?

(Жақсы оқушы болумыз қажет)

-Мемлекетіміздің кең байтақ даласын игеру үшін не ітеуміз қажет?

(Ерінбей егістікте еңбек етуміз қажет)

-Мемлекетіміздің шекарасын қорғау үшін не ісеуміз қажет?

(Батыр да батыл сарбаз болумыз қажет)

Жарайсыңдар балалар ал енді бабалар алдарында біз өткен әріптер түр солардан сөз құрастырсақ. Бүгүн біз қандай сөздерді көп қолдандық?

ОТАН, ТУ, АНА

«Көк аспанда желбіре көк Туым» тақырыбында сурет салу.

Қортынды:

25- қазан қандай күн? Республика күні

Қазақстанның тұңғыш елбасы кім? Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

Қазақстанның қазіргі елбасы кім? Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Бүгінгі іс-әрекетіміз сендерге несімен ұнады?

Қазақстанның Туының суретін салған сендерге ұнады ма?

Қазақстан елінің келешегі сендерсіңдер білімді ақылды болсаңдар көктуымызды талай көктен желбіретететіндеріңе біз сенеміз!

Балалардың білімдерін бекіту, балаларды белсенділіктері үшін мақтау.

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі «Ақжайық-бөрөнсай-балабақшасы

меңгерушісі _____ Ж.Мансызбаев

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті

Тақырыбы:«1-Қыркүйек білім күні»

Аққөгершін тобы

Тәрбиешлер:Абдукаримова О

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: Білім бастауы балабақшада

Мақсаты:1-қыркүйек білім маңызын түсіндіру,сезіндіру,сахна мәдениетіне баулу.Көңілді орта қалыптастыру.
Барлық балалар "Сыңғырла қоңырау" әнін айтады.

Жүргізуші-Армысыздар Ақжайық бөбекжай балабақшасының бұлдіршіндері,тәрбиешілері,қызметкерлері!
Бүгін міне барлық жер жүзінде 1-қыркүйек Білім күні мерекесі тойланып жатыр.
Білім күні мерекесіне қош келдіңіздер!
Күздың төл мерекесі құтты болсын.
Тәрбие тал бесіктен басталады.Әрбір бала балабақша,мектеп босағасын аттаған соң тәрбиелі,инабатты,мәдениетті,білімді,ілімді болуға лайық. Сондықтан,балалар білім алып,ілімді болғанымыз өзімізге пайдалы. Қазақстан Республикасының болашақ мамандары, жас ұрпақтары ҚР-на үлкен үлес қосуларыңызға тілектеспін.

Биіктерге бастайтын асқаралы.
Әр жүректің сүйікті асқақ әні.
Мерекеде бәріміз бір дауспен,
Шырқайық елімздің ән ұранын.

ҚР-нің мемлекеттік ән ұраны айтылады.
Жүргізуші-Керемет,жарайсыңдар.
Ал енді Рамазан деген баламыздың білім күніне арнап жаттаған тақпағын тыңдайық.

Рамазан-

Өмірдің бейбіт бағы бұл ,
Асудан асып асқаралы.
Мінекей биыл тағы бір,
Жаңа оқу жылын бастадық.

Бала бақша есігін,
Үшке тола ашқанбыз.
Балапандай мәпелеп,
Өсіруде бақшамыз.

Бұл екінші үйіміз,

Азамат болып өсеміз,
Қызыға әлем қарайтын.

Жүргізуші-

Жігерленіп жастарды,
Оқу жылы басталды.
Білім жолын нұрлантып,
Бағындырмақ асқарды.

-дей отыра Оюлы текемет биімен Көгершін тобының ұл-қыздарын ортаға шақырайық.

Қыздар,ұлдар билейді.

Жүргізуші- Ал енді сендерді көруге келген құпия қонағымызды шақырайық.

Ортаға Буратино ертегісінің кейіпкері кіріп келеді.

Буратино-Сәлем балалар, қалайсыңдар мені таныдыңдарма

Балалар- Ия сен Буратино боласың.

Буратино- Ия дұрыс айттыңдар
.Менде сендерге арналған сиқырлы кілт бар. Бұл білім атты есіктің кілті.Осы кілтті сендерге беруге арнайы өзім келдім.

Жүргізуші-Ал ендеше Буратино мырза біздің бүлдіршіндердің дайындап келген Буратино биін тамашалайық.

Ортаға ұлдар-қыздар. буратино би.

Жүргізуші-

Шырылдаған тышым алмай,
Қоцыраудың үні қандай.
Мақсатына жетема адам,
Оқу оқып білім алмай.

Ортаға Нурислам баламызбен, Дилнуура қызымызды алағашқы қоңырау соғуға шақырайық.

Алғашқы қоңырау соғылады.

Жүргізуші- Бүлдіршіндер сендерге артар міндет көп.

Көтеріңдер балабақша атын құрметтеп,
Білімнің көзін аша білсең тереңнен,
Жетелейді армандарға бұл бақша.

Ден бүгінгі Білім күніне арналған мерекемізді аяқтауға рұқсат етіңіздер.

Тамашалағандарыңызға көп рахмет.

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі «Ақжайық»бөбекжай-балабақшасы

меңгерушісі Б.Сансызбаев

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы:«Қазақстан Республикасына саяхат»

Тәрбиеші:Ш.Раметова

2024-2025 оқу жылы

ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты:

Білімділік:Жас ұрпақты отанын сүюге,еліміздің рәміздерін қастерлеуге,бай-қуатты ел екендігін мақтан етуге үйрету.

Дамытушылық:Отанын,туған жерін қорғай білігу,халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата-бабаларымыздың өнеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа ата мекенін көздің қарашығындай сақтай білуге,патриоттық сезімге тәрбиелеу;

Тәрбиелік:Ойларын жүйелі түрде жеткізе білу,шығармашылық пн жұмыс жасап мәнерлеп өлең оқып,мағынасын түсіне білу дағдыларын дамыту.

Әдіс-тәсіл:сұрақ-жауап,әңгімелеу,түсіндірмелі,көрнекілік және саяхаттау

Тәрбие үрдісі:Азаматтық,патриоттық және полимәдиенеттік тәрбие беру

Көрнекілігі:ҚР мемлекеттік рәміздері сюжетті сүреттер түрлі түсті шарлар бүктеме қағаздар.

Ұйымдастыру кезеңі:Радиода стуардессаның сөзі.

Балалар қолдарына ту ұстап әндетіп кіреді.

Кенге толы қойнауы

Төлге толы жайлауы

Ол-біздің қазақстан!

Анамыздай тілеуі-ақ

Отан бізде біреу-ақ

Ол біздің қазақстан!

Балалар ҚР-сына қош келдіңдер!Балалар қараңдаршы бізді күтіп алуға қонақтар келіпті.Біз қонақтарға не деуіміз керек?

-Ия әрине сәлемдесуіміз керек.Қане ендеше шеңберге тұрып қонақтармен сәлемдесіп алайық.

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Бас иеміз біз.

Жарайсыңдар балалар.Балалар біз аман-есен қонып қонақтармен сәлемдесіп алдық енді балалар ҚР-сының ең маңызды рәміздерінің бірі бұл Әнұран сондықтан әнұранды бәріміз біргелікте шырқайық.

Керемет балалар саяхатымызды одан қарай жалғастырайық.Балалар айналаға қараңдаршы бүгін ауа-райы қандай болып тұр?

-жауаптары

-Ия дұрыс айтасыңдар.

-қазір жылдың қай мезгілі?

-күз мезгілі

-олай болса 1 жылда неше мезгіл бар және оларды атап өтейікші?

-жауаптары

-айларды атап өтейік

-жауап

-апта күндерін атап беріңдерші?

-жауаптары

Жарайсыңдар балалар өте керемет!

Саяхатымызды жалғастырайық.Балалар біз «Тәуелсіз ел»атты музейге келдік.
Қараңдаршы бұл жерде нелер бар екен?

-жауаптары

-Ия бұл жердегі барлық заттар қазақ халқының мәдени мұрасы десек қате болмас деп ойлаймын.

-балалар мен сендерді саяхатқа не үшін алып шыққанымды білесіңдерме?

-жауаптары

-Өйткені бүгін 25 қазан Республика күнін тойласын және өз елдерін танысын,білсін деп алып шықтым.

ам Республика күні 1990 жылы қазан айының 25-і Қазақ КСР
арғы кеңесінің шешімімен «Қазақ КСР нің мемлекеттік егемендігі
туралы» декларация қабылданды.

Сол сәттен бастап-ақ егеменді Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде танылы бастады.әлем картасында жаңа мемлекет ҚР-ның негізі қаланды.қабылданған декларатция Қазақстанның болашақ тәуелсіздігін іргетасы саналды.Бұл декларатцияның қабылдануымен егемендігін мәлім ететін жеке территориясы,азаматтығы,мемлекеттік өкіметтің дебестігі мен толықтылығы,мемлекеттік бюджеті,халықаралық қатынастардағы дербестігі,мемлекеттік рәміздері:Елтаңба,Ту,Әнұран сондай-ақ ұлттық валютасы бекітілді.

-Балалар біз қай мемлекетте тұрамыз?

-ҚР-да тұрамыз.

-Бас қаламыз қай қала?

-Астана қаласы

-Елбасымыздың аты кім?

-Қасым Жомарт Тоқаев.

-Мемлекеттік тіліміз қай тіл?

-Қазақ тілі

-ҚР-сы нелерімен әйбатты?

-Рәміздерімен.

-Рәміздерді атайықшы.

-Елтаңба,Ту,Әнұран

-ҚР-сы жер көлемі бойынша нешенші орында тұрады?

-9 орында

-Туда ненің сүреттері бейнеленген?

-Мемлекеттік тудың ортасында шұғылалы күн,рның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата.Тудың сабының

ік жолақ түрінде ұлттық өрнек нақышталған.күн оның
ғыласы,қыран және ұлттық өрнек бейесі алтын түстес.

-Елтаңбада ненің сүреті бейнеленген?

-ҚР-ның мемлекеттік елтаңбасында,көгілдір түс аясында шаңырақ ,киіз үйдің құмбез тәрізді жоғарғы бөлігі турінде бейнеленген.,одан жан-жаққа аңыздардағы жылқының қанаттарымен жиектелген күн сәулесі түріндегі уықтар шаншылған.Елтаңбаның жоғарғы бөлігінде бес жұлдыз және төменгі бөлігінде Қазақстан деген жазу жазылған.

-жарайсыңдар балалар.?

Саяхатымызды жалғастырсақ

Балалар біз қазақ ауылына саяхатқа келдік.Балалар бұл жерде нелерді көріп тұрсыңдар қане маған айта қойыңдаршы?

-балалардың жауабы.

-Ия балалар дұрыс айтасыңдар мен толықтырып кетейін сендер тыңдап біліп алыңдар жарайма?

-ия

-Киіз үй дегеніміз –ежелгі көшпелі өмір сүрген адамдардың жылжымайтын негізгі баспанасы.ол тез жылып,шапшаң тігуге ыңғайлы,көшіп-қонуға лайықталып жасалады.Көшпелі өміірге ыңғайлы болғандықтан киіз үйді пайдаланған.

Балалар киіз үйдің ішінде не бар екен көремізбе?

-ия

-ой балалар бұл жерде хат бар сияқты қане оқып көрейін.

Сәлеметсіңдерме «Ақжайық» бөбекжай балабақшасының «Аққөгершін» тобының тәрбиеленушілері?Сендерді саяхатқа жолға шықты деп естіп мен сендерге хат жолдауды жөн көндірдім және сендерді мен сынап көрейін дедім.Сендердің күнделікті сабақты жақсы оқып жатырма жоқпа ертең ер жетіп еліміздің азамат азаматшалары болып елді қорғай алама деген сұрақ мені мазалап сендерге тапсырма беріп сынап көрейін дедім.Қарсы болмайды деген үміттемін.

...не дайын болсаңдар тарсырмалар қай жерде және олардың ...ттарын түсіндір кетейін.Киіз үйдің бөліктерінде түрлі тапсырмалар бар.

Сәттілік тілей отыра мен ҚР-сының Президенті Қасым Жомарт Тоқаев мырза.

Ой балалар бізге хатты кім жолдапты ?

-жауаптары

-Елбасымыз Қасым Жомарт Тоқаев мырза жолдапты сондықтан балалар біз елімізді жерімізді қорғауымыз үшін біз білімді,тәртіпті,мейрімді,ақылды болуымыз қажет.

Президентіміздің тапсырмаларын орындауға дайынсыңдарма?

-Ияяя

-Ал онда бастайық.

1. Тапсырма –біз өткен әріптерден сөздер құрастыр және алдарыңдағы әріптерді атап сол әріп бар сөздерді өз орнына жайғастыр.

Қазақстан.Отан,Ана,қазақ.Ту

2.ҚР-ның рәміздер саны қанша?сандардың арасынан көрсет және ата.

Жарайсыңдар балалар!

Балалар сергіту сәтін жасайықшы келіңдер.

Дөңгеленіп тұрамыз,

Керегені құрамыз.

Уық болып иіліп,

Шаңыраққа киіліп

Киіз үйді құраймыз.

Келесі тапсырманы орындауға кірісейік

3.ҚР-сына арнап өлең шумақтар және мақал мәтел айтып беріңіз.

1.Шахриер

2.Зехра

4.Рабия

5.Аида

6.Мухлиса

7.Фарангиз

4.«Менің отаным Қазақстан» тақырыбында пазлдарды құрастырыңыз.

Ал балалар жарайсыңдар әр бір тапсырманы мүдірмей ақыл мен байыппен жауап беріп орындадыңдар 5 –ші тарсыпмаға өтпей тұрып бүгінгі саяхатымызды қортындылайықшы.

Балалар бүгінгі саяхатмыз ұнадыма?

-Ияяя

-Балалар 25 қазан қандай күн екен?

-Қандай тапсырмалар орындадыңдар?

-бүгінгі саяхатымыз не туралы болды қай жерлерге бардық?

-біздің қай мемлекетте тұрамыз екен?

-Бізге хатты кім жолдапты?

Қазақстан елінің келешегі сендерсіңдер білімді ақылды болсаңдар көк туымызды талай көктен желбіретіндеріңіе сенімім мол деп

5.тапсырмамен таныстырып өтейін.ҚР-ның туының сүретін салып беру.

Балалардың білімдерін бекіту,белсенділіктері үшін мақтау,мадақтау.





БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі «Ақжайық»бобекжай-балабақшасы

меңгерушісі _____Б.Сансызбаев

Ертеңгілік

Тақырыбы:«Қош келдің ,Жаңа жыл»

Мектепалды даярлық тобы.

Тәрбиешілер:О.Абдикаримова

Ш.Раметова

2024-2025 оқу жылы

ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ЖЫЛ!

Мақсаты: Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау шыршаның қалай әдеміде, сәнді безендірілгеніне балардың ойын Аяз атаның, Ақшақардың корнавалдық киімдеріне назар аударту, көңілді ойындар ойнату, достық қарым қатынасты нығайту, бірлескен ойындар ойнату.

Ертеңгілік барысы: Зал іші әдемі безендірілген ортада әдемі шырша Әсем әуенмен әдемі киінген балалар.

Жүргізушы :Армысыздар, құрметті ата -аналар,бүлдіршіндер,тәрбиешілер, барлығыңызды келе жатқан жаңа жылдарыңызбен құттықтаймыз.Сіздерге жаңа жыл, жаңа бақыт , үлкен табыс, мықты денсаулық, жанұяларыңызға бақыт пен шаттық алып келсін.

Ал балар жаңа жылды бастауымыз үшін аянбай өнерімізді көрсетейік.

Дайынбыз ба балалар? **Ия дайынбыз**(балалар)

Ия,бүгін бәрі өзгерек

Жарқын күлкі ,сөз бөлек

Тілек айтып күтейік біз

Қош келдің жаңа жыл,төрлет дей отырып бүгінгі кешімізді,жаңа жыл әнімен бастайық.

Хор: Жаңа жыл

Клоун: (ортаға жүгіріп шығады,бір екі өнер көрсетеді).Балалар әдемі шырша безендірілген, залдың іші әдемі ,қонақтар барлығы бар,сендер неткен әдемі әрі өнерлі болып турсыңдар, бір не жетіспей тұр бізге? айтыңдаршы? Жаңа жылда қонаққа кім келмеді?

Балалар: Аяз ата мен Ақшақар!

Клоун: ия, Аяз ата мен Ақшақарды ендеше ортаға шақырайық оларсыз қалай тойлаймыз,ия балалар? Олай болса бәріміз бірге Аяз ата мен Ақшақар деп шақырайық(ортаға Аяз ата мен Ақшақар шулап шығады)

Аяз ата:Ооо,қарақтарым!Мен сендерді бір жыл бойы сағына жетіп келдім.Шын тілектерің,ниеттерің арқасында Ақшақар екеуміз сонау солтүстіктен шанамызға жеге салып келіп тұрмыз.

Ақшақар:Аяз ата дұрыс айтасыз,Ия балалар.Біз келгенше көптеген жерлерде болдық,әлемнің әр жерінде той думан болып жатыр,жаңа жыл тойлап жатыр,сендергеде келіп кетейік,әрі сыйлық беріп кетейік деп асығып келдік ата екеумыз,қәне балалар бізді өнерлерің мен қуантырып сыйлығымызды алып қайтыңдар!

Жүргізушы:Қош келдіңіздер Аяз ата мен Ақшақар төрлетіңіздер! Біздің балалардың өнерін тамашалаңыздар! Балаларымыздың жаңа жылға арнаған тақпақтары бар екен

Аида:

Далада қар борайды

Ақ мамыққа орайды

Мұз болады қатады

Жып-жылтыр боп жатады

Кел балалар тақпақты

Тақылдадып айтайық

Аяз ата таң қалсын

Сыйлық алып қайтайық

Р Раяна:

Дед Мороз садится в сани

Поздравлять детей он встанет

Всем подарки развезёт

Ведь приходит Новый год

Алиаскар:

Тілеймін мен бар әлемге

Дос көп болсын жаңа жыл

Ата-әже,әке-шеше

Құтты болсын Жаңа жыл

Мейірім:

О, алақай Аяз ата

Келе жатыр алыстан

Кел билейік үйренейік

Құтты болсын,құтты болсын

Құтты болсын жаңа жыл

Муниса:

Ақ қырауға малынған

Сақалыда,Мұртыда

Аяз ата сағынған

Сәлем берді жұртына

Жаңа жылым мол болсын

Басқан қадам оң болсын

Төрле төрле жаңа жыл

Бізге құтты жол болсын

Жүргізушы:

Жұлдызың жанып оңынан тусын айларың

Жаңа жыл жырын шырқасын ауыл аймағым

Әсем бұл кеште, әсем би билейік

Би билеп ортаға келсін қыздарым

Би: Звёздочки биі.(Абд Раяна,Раяна,Рабия,Арзу,
Шахруза,Дильнура,Мейірім,Зебинсо

Шахруза:

Қорықпймыз аяздан

Шымшысада бетімді

Аппақ қарды кешеміз

Киіп алып етікті

Дилбек:

Жаңа жыл,жаңа жыл

Жаңа жылда жаңа жыр

Жасыл шырша жанында

Жадырап бар бала жұр

Абд Раяна:

Жаңа жылда баршамыз

Гүлдей болып жайнасын

Аман болсын барлық бала

Шат шадыман ойнасын

Мухлиса:

Новый год встречать пора

Дружно крикним мы пора

Кто подарки нас принёс

Ну конечно Дед Мороз

Рамазан:

Шарики сияют

Огоньки блистять

Елочка красотка

Радуют ребят

Дед мооpоз подарки

Таропясь несёт

Здраствуй Зимный праздник

Добрый Новый год

Бунёд:

Даламызға қаламызға

Жаңа жыл кіріп келді

Қартымызға жалпымызға

Жалынды сәлем берді

Би:Ұлдар "Жеки жан"
(Ихлос,Алиасқар,Мустафа,Нурислом,Рамазан,Алихан,Алихан, Ибрахим)

Клоун:Ал балалар мерекеміз өте күшті өтіп жатыр,қатты қуанып тұрмын! Менінде қонақтарға дайындап келген бір қызықты ойыным бар! Мен ата-

аналарды шақырғым келіп отыр! Мамаларың мен ойнаймыз ба? (**балалар:** Ия)

Ендеше ортаға 6 аналар шақырамын.

Жүргізушы:

Оралды өлкеме

Жаңа жыл армысың

Оранды ақ көрпе

Асқар тау қарлы шың.Тақпаққа кезек берсек:

Ибрахим:

Тамаша,тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды караса

Жүргізушы:

Жаңа жылды күтер барлық жүректер

Ақтарылыр бүгін барлық тілектер

Ортамызда шыр көбелек айналып

Билесінші балаларым жаңа жылдық вальсін

Би: **Вальс**:
(Шахрияр,Шахзод,Дилбек,Оғабек,Бегзат,Расул,Муниса,Зехра,Арзу, Аида,Раяна,Мухлиса)

Жүргізушы:

Жүргізушы:

Жаңа жыл бірлік берсін елімізге

Береке ырыс келсін жерімізге

Қош келдің халқымның жаңа жылы

Қуаныш шашу шашылсын төрімізге

Би: Энрикс

Жүргізушы:

Жаңа жылды күтер барлық жүректер

Ақтарылар бүгін барлық тілектер

Бүлдіншіндер бүгін сенде ортаға

Қайталанбас өзге тілек тілеп кел. Тақпақтарға кезек.

Ихлос:

Жасыл желек жамылған

Асыл моншақ тағылған

Міне сұлу шыршамыз

Көптен күтіп салынған

Зебинсо:

Целый год мы не шалили

Стих для дедушке учили

Очень рады мы с утра

Новый год пришёл ура

Шахзод:

Өленде әзір, әнде әзір

Ойында әзір, бәріде әзір

Кел жаңа жыл біздерге

Кел жаңа жыл, жаңа жыл

Жаңа жылмен,жаңа жылмен

Құттықтаймыз әрине

Папамызды,Мамамызды

Қонақтарды бәрінде

Фарангиз:

Әдемілеп біз ілген

Ойыншықтар тізілген

Қандай жақсы шыршымыз

Ән шырқайық баршамыз

Дильнура:

О,керемет керемет

Бейне аппақ көбелек

Ақшақар жай көлбендеп

Қонып жатыр жерге кеп

Зехра:

Қыс келгенде далама

Қызығып тек тұрамын

Ат жегіп алып шанама

Аппақ қармен зырлаймын

Мустафа:

Тауда туып, тауда өскен

Шырша келді ортаға

Бәріміз бір дауыспен

Дейін енді шыршаға

Қуант бізді таңырқат

Шамдарыңды жарқырат

Жүргізушы: Сайқымазақ мырза біздің балаларымыздың өнерлері ұнап жатырма?

Сайқымазақ: О,керемет жақсы дайындалып келіпсіңдер,өте қуаныштымын. Ал балалар мен сендерге екі жұмбақ жасырайын, қәне көрейікші таба аласыңдарма

Қолы мен қаламы жоқ,

Бірақ сурет салады көп (**Аяз**)

Қыста шыны боп қатады,

Жылыды су юбоп жатады (**Мұз**)

табыс,шаңырағымызға бақыт пен шаттық сыйласын .Жылан төрлет! Сенің келуіңе балаларымыз пародиялық би дайындап келіпті. Осы би арқылы саған деген қуаныштарын көрсетпекші

Би: Зың-зың күлпәш

Жүргізушы:

Жүздерінен көрем шаттық

Болсын солай әр бір күнің,әр айың

Тойларыңыз құтты болсын балалар

Жаңа жыл құтты болсын ағайын

Құрметті ата-аналар,балалар,тәрбиеші әріптестер.Баршаңызды келе жатқан жаңа жыл мерекесімен құттықтай отырып,зор денсаулық,мол табыс,мереке мен береке тілеймін! Жылан жылы шаңырағымызға бақыт пен шаттық әкелсін.

Осымен мектеп алды даярлық тобының мерекесі өз мәресіне жетті.Назар аударғандарыңызға рақмет! Енді сөз кезегі Ақжайық бөбекжай балабақшасының меңгерушісі Сансызбаев Батырхан ағаймен осы балабақшаның әдіскері Мамадалиев Хуршида апайға сөз кезегін берсек!

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі «Ақжаңық»бобекжай-балабақшасы

меңгерушісі _____ Б.Сансызбаев

Ертеңгілік

Тақырыбы:«Менің аяулы анашым»

Тәрбиеші:Ш.Раметова

SvetLana ShapoValova

2024-2025 оқу жылы

«Менің аяулы анашым».

Балалар қолдарына жүрекше ұстап, жұппен кіреді де, екі қатар болып тұрады. Ана әніне би қимылдарын жасап, билейді. Би аяқталғаннан соң қолдағы жүрекшелерін аналарына сыйлап, музыка әуенімен балалар саппен орындарына барады.

Тәрбиеші: Армысыздар Құрметті қонақтар, аналар мен әжелер! Сіздерді көктемнің келуімен және бірге келетін алғашқы көктем мерекесі 8 Наурыз халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!
«Жаным»дейсің мені.

Жаратушым-бір сен

Жалғыз өзің,тегі,

Жанашырым білсең,

Айналайын ана!-деп «Аққөгершін» мектеп алды тобының бүгінгі 8 наурыз халықаралық аналар,әжелер,апалар мерекесіне дайындаған мерекелік ертеңгілігімізді бастаймыз.

Аида:

«Ана сен бақыттысың» М.Мақатаев

Ана сен бақыттысың,жыламағын

Жай түсіп жатқанда да құламадың

Тәңіріңнен мен едім ғой сұрағаның

Сондықтан жыламағын,жыламағын

Бармынғой,тірімінғой,қасыңдамыне.

Өлмеймін,мен өзіңдей асылданмын,

Таусылып,өз-өзіңнен шашылмағын

Байырғы берекеңді қашырмағын.

Рамазан

Мен сенің қанықпын ғой көз жасыңа

Өзім кепіл тот басып ,тозбасына

Екі жыр жазсам саған бірін арнап

«ана» деп жаздым ылғи сөз басына

Тәңірім кеше көрсін кесірімді

Аспанға жазсам сенің есіміңді

Ана,сен бақыттысың,тербете бер

Құба талдан иілген бесігіңді.

Арзу:

Мен сізге қарыздармын өзім үшін

Мына әлемді көретін көзім үшін

Махаббаттың дәнін еккен жүрегіме

«Айналайын»-деген әдемі сөзің үшін

Бекзат

Мен сізге қарыздармын өмір үшін

Мендегі сезімге толы көңіл үшін

Мен де не бар барлығын сізге берем

«Айналайын» деген әдемі сөзің үшін.

Рисматова Раяна

Ана –деген өмірімнің шырағы

Өмір көзі алтын күннің шуағы

Дем беретін сүйетұғын жаныммен

Шөл далада сусындайтын бұлағың.

Асылым:

Үн қатасың бал тілмен,

Еркелеймін әр күн мен.

Құттықтаймын анашым,

8-ші наурызбен.

Алихан:

Балдай тәтті баламыз

Ақылдымыз данамыз

Аналардың мейрамын

Бірге қарсы аламыз.

Алиасқар

Аялаймыз анамызды

Құрметтейміз бағамыз

Сіздер үшін аналар,

Шырқап әнге саламыз

Шахзод:

Бүгін наурыздың сегізі,

Сұлулықтың егізі

Әдемі –сөз анамның

Анаға айтар лебізі

Мәпелейсің мені анам

Қолыңдағы құсыңдай

Құлпыра өсіп дем алып

Құшағыңда қысылмай

Ағабек

Ана деген бұл өмірдің бағы ғой

Ана деген бар көңілдің зары ғой

Аналарды құрметтейді бар әлем

Анаң болса бұл өмірде үлкен той

Мейірім

Мерейлі сәт мерекеге ұласып

8-ші наурыз келді қыр асып

Қыз-келіншек,нәзік жандар мейрамы

Көктемнің шапағатын тұр шашып

Шахруза

Құттықтаймыз аналарды,қыздарды

Мерекеден шуақты бір із қалды

Болсын әркез көтеріңкі көңілдер

Дилнура

Дүниеде ең керемет дананы

Ана табады аялайды,бағалайды

Сол үшінде құдіретіңе бас иіп

Құрметтейді қасиетті-ананы.

Тәрбиеші: Бүгінгі мерекеде аналарымыздың құрметіне би билеп берейік.

Би: «Көктем вальсі»

Тәрбиеші:

Келесі кезекті Бахтиярова Аида қызымызды «**Анашым**» әнімен сахна төріне шақырамыз.

Тәрбиеші: Балалар бүгін тек аналарымыздың ғана емес, сонымен қатар әжелеріміздің де мерекесі. Сондықтан әжелерімізге де жүрек жарды тілектерімізді айтайық.

Бунед

Әжем менің,ақ әжем

Аппақ әжем,пәк әжем

Басқалардай емессіз

Сүйкімдісіз ақ әжем.

Зебинса

Өзің мені өсірген

Айналайын ақ әжем

Тентек болсаң кешірген

Шөлдедің бе,дана әжем

Шай қайнытып берейін

Шекер салып жан әжем

Өзім құйып берейін

Балдай тәтті бал әжем!

Сержан:

Әжем менің әлі де,

Ұқсамайды кәріге.

Шай қайнатып береді

Қажет болса бәріне

Тәрбиеші: Балалар, ұлдар, бүгін тек қана аналарымыз бен әжелеріміздің ғана мерекесі емес, біздің қыздарымыздың да мерекесі. Кәне, қыздарды да құттықтап жіберейік.

Расул:

Кетті қысқы ызғар,

Еріп жатыр мұздар.

Мерекеңіз бүгін,

Қызғалдақтай қыздар.

Мустафа:

Болсада өзгеде жүрек

Адамға адам тірек

Сіздерге айтар мынау

Мерекелік тілек

Нурислам

Қарау жүрсін қашық

Алшы тұрсын асық

Берекесін берсін

Сіздерге еткен кәсіп

Әр таңдарың атқан

Бақыт берсін батпан

Құрастырып құдай

Табысыңды тапқан.

Тәрбиеші:келесі кезекте жігіттеріміздің қыздарымызға тосын биін қабыл алыңыздар.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, ұлдар, қыздарды бүгінгі мерекесімен құттықтап, тілектеріңді айттыңдар. Ендеше өздерің айтқандай қыздарымызды ортаға шақырып, ойын ойнайық. **Ойын**: «Кім бірінші қызға гүл сыйлайды» Шарты: Ортада үстел үстінде құмыраға салынған гүлдер тұрады. Ойынға 5-6 ұл бала қыздарды вальс биіне шақырады. Әуен ойналып, вальс билейді. Әуен тоқтаған кезде, ұлдар жүгіріп барып құмырадағы гүлді алып бірінші қызға сыйлау керек. Кім бірінші қызға гүл сыйласа, сол бала жеңіске жетеді.

Тәрбиеші: Көктем келмей бүгінде,

Көңілді өтпес мереке.

Көктемді мұнда шақырып,

Табамыз қайдан лезде?

Музыка ойналып, ортаға **майшелпек** жүгіріп шығады.

Тәрбиеші: Ой, майшелпек, сен мұнда қайдан жүрсің? Мұнда неге келдің? Майшелпек: Мен, майшелпекпін, атамнанда қаштым, әжемнен де қаштым. Міне осында сендерге келдім. Құр келген жоқпын, сендерге хат әкелдім. Ол қайда кетті(іздейді)? А-а, міне, таптым(тәрбиешіге береді) Балаларды, қонақтарды мерекемен құттықтап, қоштасып шығып кетеді.

Тәрбиеші: Міне, қызық?… Мына хат кімнен келді екен? Кәне, оқып көрейік. Сәлеметсіңдер ме, балақайлар! Мен көктемнің апасы қыс ханшайымымын. Сендер менімен бірге қыс мезгілінде қызықтап, қардан аққала жасап, шанамен сырғанап, көңіл көтердіңдер. Енді менің сібір жаққа кететін уақытым болды. Ал, менің сіңілім көктем аруы әлі ұйқыда жатыр. Сендер бүгінгі мерекеде көңіл көтеріп, ән салып, би биленңдер. Сонда көктем аруы, ұйқысынан оянып, сендерге келетін болады. Сол кезде айнала құлпырып,күн сәулесін шашып, ағаштар бүршік жарып, бәйшешектер гүлдеп, құстар келіп, ән салатын болады. Қош сау болыңдар, балалар! Сәлеммен: Қыс ханшайымы.

Тәрбиеші: Қыс ханшайымы көңіл көтеріңдер-деді ғой. Олай болса көңіл көтерейік. Музыка ойналып, ішке сыпырғышымен ұшып мыстан кіреді.

Мыстан:

Қараңғы үйшікте тұрамын,

Сиқырлаймын алдаймын.

Сыпырғышпен ұшамын.

Мұнда бала көп екен? Бұл не өзі болды екен?

Балалар: Бұл балабақша. **Мыстан**: Демек, мен дәл түскен екенмін ғой! Мен балабақшаға келген екенмін ғой! Жақсы болды! Ормандағы досым айтып еді: балабақшаға бар, онда балалар көктемді қарсы алып, аналар мен әжелерің

шақырған жоқсыңдар! Мына мені, Мыстан сұлуды шақыруға ұмытып кеттіңдер(өзін қолымен көрсетеді)! Сондықтан мен сендерді кешірмеймін! Мен сендерден өшімді аламын! Мерекені болдырмай, мен сендерді осы жерден қуып шығамын!(балаларды қорқытады) **Тәрбиеші**: Әй, Мыстан! Боска шаршамай-ақ қой. Күшіңді құр боска жоғалтпай-ақ қой! Біз сенен қорықпаймыз. Мыстан: Ах, сендер менен қорықпайды екенсіңдер! Қазір мен айқайлаймын(айқайлайды). Мен сыпырғышыммен ұрайын(сыпырғышпен жерді соғады). Мен сендерге көктем аруын жібермеймін. Айналаны қара түнек көңілсіздік басатын болады. Мен қара түнекпен доспын. Ол сендерге көңіл көтеруге мұрша бермейді. Көктем аруы да оянбайды. Ал, көктем келмесе, мерекені де тойлай алмайсыңдар!

Тәрбиеші:Біз көңілді халықпыз.

Көңіл көтеріп, би билеп, ән салып, қара түнекті қуамыз. Кәне, балалар, көңілді, әзіл ән салыңдар.

Мыстан: Ән салыңдар, салыңдар! Осыдан менің күлдірмей көріңдер! Көресетемін мен сендерге! Ортаға әже киім киген төрт ұл шығады.

Әзіл ән: «Әжелер әні»

Бәрі: Келіннен қорқып саспайық,

Келіңдер өсек бастайық.

Немеренің әртүрлі

Қылығын айтып тастайық.

қ/сы: Ойбай, белім-ай,

Қайда кетті келін-ай.

Шахрияр:

Немерем менің блатной,

Күндіз тыным таппайды.

«Видео көру керек керек»-деп,

Кешкі ұйқыға жатпайды.

қ/сы: Ойбай, сұмдық-ай.

Ұят екен масқара ай.

Муниса:

Немерем менің кір-кір боп,

Үйдің бетін көрмейді.

«Киндер» сатып әпер деп,

Еш тыныштық бермейді.

к/сы: Ойбай, сұмдық-ай

Ұят екен масқара-ай.

Фарангиз:

Немерем менің теңгеге,

Үйір болып алыпты.

Мың теңгені сағызға,

Аямай бере салыпты.

к/сы: Ойбай, сұмдық-ай

Ұят екен масқара-ай.

Дилбек:

Немерем менің ән салса,

Махаббат деп айтады.

Қызың бар ма деп едім,

«Жоқ»,-деп басын шайқады.

к/сы: Ойбай, сұмдық-ай

Ұят екен масқара-ай.

Бәрі: Келіндер келіп қапты ғой,

Бізде үйге кетейік.

Немере шіркін тәтті ғой.

Барына шүкір етейік.

к/сы: Ойбай, белім-ай,

Қайда кетті келін-ай.

Мыстан: Жарайды мені күлдірдіңдер! Бірақ мен сонда да берілмеймін. Күшті болсаңдар менің көңілімді тағы да көтеріп билетіп көріңдер. Сендер

Тәрбиеші: Ах, мына мыстан өзінің жеңілісін мойындамады ғой. Балалар, көңілді би билеп, мына мыстанды билетсек қайтеді?

Балалар: Иә.

Би өзбек халқының биі бір топ қыздарымыздың орындауында

Мыстан да балалармен қосылып, билеп кетеді. Музыка бітсе де Мыстан билеп жүріп әрең тоқтайды.

Мыстан: Жарайды, жарайды. Менің көңілімді көтердіңдер! Сендер жеңдіңдер! Бірақ мен оңайлықпен берілмеймін. Мен сендердің шапшаңдықтарыңды тексеріп көрейін. Ойын арқылы мен сендерді жеңемін! Дайынсыңдар ма?

Балалар: Иә. Ойын: «Қане, сыпыр!» Балалар мен ата-аналары екі топқа бөлініп тұрады.Әр топқа қарама қарсы орындық тұрады.(5-7 қадам) Бірінші топтағы бірінші баланың қолына сыпырғыш пен шар беріледі. Ойын ойнаушы шарды орындыққа жеткізіп, орындықты айналып тобына келіп қайта келу керек . Келген ойыншы сыпырғышын келесі ойыншыға беріп, ойын қайталанады. Эстафетаны тез ойнап бітірген топ жеңіске жетеді.

Мыстан: Жарайсыңдар, бұл балабақшада шапшаң, өнерлі, әрі көңілді балалар бар екен! Менің көңілімді көтердіңдер, би де биледім. Көңілімді көтеріп, бір жасарып қалдым. Жарайды менің орманға қайтатын уақытым болды. Мен барып көктем аруын оятайын. Ал, сендер, мені мерекеге шақыруға ұмытып кетпеңдер! Қош сау болыңдар! Мыстан қоштасып, шығып кетеді.

Тәрбиеші:

Манадан бері, ән де айттық би де биледік, ойын да ойнадық. Ал, көктем аруы әлі жоқ! Не болды екен, балалар? Осы кезде музыка ойналып ортаға көктем аруы шығады.

Көктем:Сәлем, сәлем, балақайлар,

Әзиз әже, назды аналар.

Қуаныңдар алақайлап,

Құстар әнін ала келдім.

Жерге кілем жаба келдім.

Жан бітіріп табиғатқа,

Гүлдерімді ала келдім. -Салеметсіңдер ме балалар! Мерекелеріңіз құтты болсын аяулы аналар!

Жүргізуші: Салеметсіз бе Көктем аруы! Қош келдіңіз! Біздің балалардың сізге арнаған өлең, тілектерін қабыл алыңыз.

Рабия:

Көктем деген немене?!

Көктем деген көп жаңбыр.

Ән салып әуеде,

Қарлығаш ол бір тұрған.

Көктем деген ашылған,

Бұлақтардың көзі ғой.

Ақ тұманның басында,

Жаңа туған қозы ғой.

Раяна:

Көктем деген балалар!

Құлыншақ қой тулаған.

Еркелеген далаға,

Құрық салған тулаған.

Көктем деген қыстайғы,

Әкеміз ғой айтатын.

Көктем деген құстар ғой,

Туған жерге қайтатын.

Иброхим

Жадыраған көктем келді

Жер анамыз көктер енді

Ағаштарда бүршік атып

Жасылданды бөктерлерде.

Мухлиса

Көктем келді ауылға,мамырлап бұлт

Таң-тамаша дүние,дабырлап жұрт

Көктем елді өмірдің келешегі

көпен бірге дүркіреп төл өседі.

Зехра

Көктем күні керемет

Жаңбыр жауар себелеп

Күн ашылса болғаны

Көлбеңдейді көбелек

Бар табиғат нәр алып

Шыға келер жаңарып

Қызғалдақ боп құлпырып

Көктем біздің балалық.

Көктем: Рахмет, балалар, бүгінгі мерекемен мен аналар мен әжелерлі тағы да құттықтаймын. Мен сендерге әдемі гүлдер алып келдім. Ол гүлдерді көру үшін, алдымен көздерімізді жұмуымыз керек. Балалар көздерін жұмады. Қалыткыға бекітілген гүлдерден жасалған алаңқайды алып ортаға қояды. Ол гүлдердің артында кәмпит жасырылған.

Көктем: Бір, екі, үш. Көзідеріңді ашыңдар.

Тәрбиеші: Міне, керемет, қандай әдемі гүлдер!

Көктем: Бұл гүлдер, жәй гүлдер емес, тосын сыйы бар керемет гүлдер. Кәне, көрейік гүлдердің түбінде не бар екен? Гүлдердің артында жасырылған кәмпиттерді алып, балаларға таратып береді. **Көктем**: Балалар менің кететін уақытым болды. Мен сендермен қоштаспаймын. Әлі де мен сендермен бірге боламын. Сендер мені далаға серуенге шыққанда көретін боласыңдар. Көріскенше сау болыңдар балалар. Музыка ойналып, Көктем залдан шығып кетеді. **Тәрбиеші**: Осымен бүгінгі «Аялаған анашым» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Келесі ертеңгілікте кездескенше қош сау болыңдар.

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі «Ақжөрдиқ жоңдісалы балабақшасы

меңгерушісі_____ Б.Дансызбаев

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті

Тақырыбы: «Наурыз мерекесі»

Ақкөгершін тобы

Тәрбиеші: Раметова Ш

2024-2025 оқу жылы

Барысы:

1 – жүргізуші: Құрметті ұстаздар, ата – аналар, қонақтар. Бәріміздің көптен күткен Наурыз мерекесі келіп қалды. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Наурыз «жаңа күн» деген сөз. Яғни бұл күн біздің ата – бабаларымыз, арғы тегіміз, мыңдаған жылдардан бері мерекелеп келе жатқан жыл басы мерекесі. Наурыз тойы құтты болсын!

Ұлыстың ұлы күні аталған Наурызда еңбектеріңіз өнімді болып, тілектеріңіз қабыл болсын!

2 – жүргізуші: Наурызым қайта оралды аты аңыз,

Сұраймыз алғыс та біз, ақы да біз.

Үй – дастархан, даламыз сахнамыз,

Ұлы мейрам Наурызға шақырамыз!

1 – жүргізуші:

Уа, халайық, халайық!

Ақ сандықты ашайық,

Бұл мереке, бұл тойдың

Шашуларын шашайық! (Шашу шашылады).Мерекемізді балалардың «Қош келдің, Жаңа жылым!» атты хорымен бастауымызға рұқсат етіңіздер

2 – жүргізуші: Мейрамға жиналған барша қауым. Бүтінгі Ұлыстың ұлы күні – ата – баба сөзімен айтқанда ақ түйенің қарны жарылған күн. Наурыз мейрамы – бұл көктем мен еңбектің мерекесі, күн мен түн теңесетін күн. Бұл мейрам 22 наурыздан 19 сәуірге дейін тойланатын ұзақ мейрам. Көктем мен Жаңа күн мерекесі.

Олай болса, бүтінгі «Қош келдің, әз Наурыз!» атты мерекелік думанымызды ашып беру үшін сөз кезегі балабақшамыздың директоры Мөлдір Нұрланқызына беріледі.

Мерекемізді Ақкөгершін тобының атты хорымен бастаймыз

1 – жүргізуші: Наурыз мейрам жүректерге нұр сепкен,

Мандайымнан сүйіп жатыр күн көктем

Жарығыңмен, шуағыңмен Күн – Ана,

Алып келдің жер бетіне гүл көктем.

2 – жүргізуші:

Наурыз жырын жырлаймыз,

Осыменде тұрмаймыз.

Шыңдалып жеткен бұл күнге,

Ел дәстүрін сыйлаймыз

-дей отыра кішкентай бүлдіршініміздің тұсауын кесуге рұқсат етіңіздер

(Балапан тобы)

1 – жүргізуші:

Алқа – жұртым, той – думан,

Ортамызда ашайық.

Ән мен күйді төгіп біз,

Биге ортаны ашайық

«Балдәурен» тобының биін тамашалаңыздар

2-жүргізуші:

Ұлыс күні қазан толса.

Ол жылы ақ мол борлар,

Ұлы кісіден бата алса,

Сонда олжалы болар

-деп бүгінгі тойға арналған өлең шумақтарымен «Балдәурен» тобының тәрбиеленушілерін шақырамыз.

.....

1-жүргізуші:

Наурызым қайта оралды аты аңыз,

Сұраймыз алғыс та біз,ақы да біз.

Үй – дастархан,даламыз сахнамыз,

Ұлы мейрам Наурызға шақырамыз

-дей отыра Балдырған тобының биін қабыл алыңыздар

2 – жүргізуші:

Келесі кезекте ұлттық ойындарымызды тамашалайық

1-жүргізуші

Халқының әдет-салтына

Ойлана қарап түйін түй

Шаттығын сыйлап жалпыға

Жалғаса берсін ән-күй, би!

-«Күншуақ» тобының биін қабыл алыңыздар

2 – Жүргізуші:

Көктем жетті көл – көсір шуақ құрып,

Қыс та ұзап барады жылап тұрып.

Шатырында үйлердің Наурыз да жүр,

Мұз көрпесін ақпанның лақтырып

-ортаға «Күншуақ» тобының өлнең шумақтарын орындауға шақырамыз.

Ахун

Наурыз келді алақай

Кел билейік балақай

Бізде қарап тұрмайық

Тойға шашау шашайық

Сухроб

Той думанға келіңіз

Тамашалап көріңіз

Ән айтайық бәріміз

Қол соғайық бәріміз

Ибрахим

Наурыз тойы елдің тойы

Наурыз тойы төлдің тойы

Ән айтатын күні бойы

Жақсы көрем наурыз тойын .

Мухаммад

Жыл басы наурыз мереке

Ақ нұрға әлем боянды

Наурыз тойы береке

Тіршілік жаңа оянды

1– жүргізуші: – Мол, мол болсын ырыс құт,

Жасай берсін туыстық.

Дейді ата-бабамыз

Құра берсін тыныштық.

2 – жүргізуші

Келесі кезекте мың бұралып билейтін «Гүлдер» тобының қыздарын қабыл алыңыздар

1– жүргізуші:

Келіңдер, Наурыз тойға бәрің бүгін,

Аямай өнерпаздар ән мен жырын.

Тойлайық халық тойын Наурызымның,

Шуағын жерге төккен бақыт күнін.

- ортаға «Гүлдер» тобының тәрбиеленушілерін өлең шумақтарын орындауға шақырамыз

Али:

Осыншама жақсылық

Алып келген Наурызым

Төрлет бізге нұр беріп,

Шуақ шашып ақ жүзің!

Кәусар:

Наурыз тойым, Наурыз тойым.

Құтты болсың халайық!

Қане, достар, қане, достар,

Шырқап әнге салайық

Анара:

Би биледік бәріміз!

Егін өңін толқытқан,

Елдің көңілін шалқытқан.

Бас иеміз - Наурыз!

Дінмұхаммед:

Наурыз тойы береке,

Наурыз тойы жыр аңыз.

Қызып дулы мереке,

Қызық думан құрамыз.

2 –жүргізуші:

Келіңдер, Наурыз күнін қарсы алайық,

Билейік, жыр жырлайық ән салайық.

Қаһарлы қыстан өтіп Наурыз келді,

Арқаңды кеңге созшы, уа халайық!

І жүргізуші:

Қанекей, қарсы алайық жылдың басын,

Қосылып жасқа жасың, басқа басың.

Барайық келер жылға төрт көз түгел,

Аман боп алыс, жақын, кәрі – жасың.

1-жүргізуші:

Жыр сыйлайық, нұр сыйлайық тірлікке,

Қастерледік қадіріңді білдік де.

Құтты болсын ұлыс күн жұмылдырған,

Бәрімізді ынтымақ пен бірлікке.

-Келесі кезекте «Байтерек» тобының өнерін тамашалайық

1 – жүргізуші:

Наурызда әндер шырқайық,

Өнері жасқа лайық.

Өлеңдеткен жастардың,

Ән мен айтыс тыңдайық!

Айтыс

2 – Жүргізуші:

Наурызда би билейік,

Өнері жасқа лайық.

Билеген жастардың

Әдемі биін тамашалайық.

Би: «Аккөгершін» тобының қыздары сахна төрінде

1-Жүргізуші:

Келесі «Ақ көгершін»тобының өлең шумақтарын тамашалайық

Халиллуева Шохруза

Наурыз жылы жыл басы,

Наурыз көже ел асы.

Наурызда бас қосуды,

Тілеу керек осыны.

Наурыз бақыт жаңа күн,

Көже ішіп қалатын.

Наурызда бас қосуды,

Тілеу керек осыны.

Паччаханова Зехра

Кең болсын қазағымның керегісі,

Кетпесін алла берген берекесі.

Алаштың баласына нәсіп болған,

Құтты болсын Наурыз мерекесі.

Марипжанова Мухлиса

Елім менен жеріме,

Ырысын шашкан наурыз.

Күлімдеген көктемге,

Шуағын шашқан наурыз.

Жеті түрлі дән салын

Дәм татқызған наурыз.

Жақсылық тілеп халыққа

Молшылық әкелсін наурыз.

Мухаммеднабиев Рамазан

Қауымға қалың дүр салған

Шаттыққа бөлер жыр болған,

Шапағат төккен мейірлі

Бұл Наурызғой нұр болған.

2 - жүргізуші:

Күй де шертіп, би билеп,

Наурыз тойды қарсы алып.

Болсын дейміз шаттық мол,

Бір топ қыздар би билеп – деп келесі біміз «Аққөгершін» тобының қыздарының орындауында «өзбек» халқының биін тамашалаңыздар.

1-Жүргізуші

Ақын біткен жырлаған,

Өтті наурыз жуырда-ақ.

Мал сойғанбыз, жүр, балам,

Қуырамын қуырдақ.

2- Жүргізуші:

Құдаңа тарт мал басын,

Жездеңе қой төсті арнап.

Қарттарға бер жамбасын,

Пісті, міне, бесбармақ

-Дей отыра ортаға ұлттық тағамдарымызды тарту етеміз.

1-Жүргізуші:

Ұлыс күні қазан толса,

Ол жылы ақ мол болар,

Ұлы кісіден бата алса,

Сонда олжалы жол болар.

– деп бүгінгі тойға үлкендерден бата сұрайық.

2-Жүргізуші:

Келесі кезекте «Ақжайық» бөбекжай балабақшасының құрылтайшысы

Сәкен Әкімханұлына

Балабақшамыздың директоры Мөлдір Нұрланқызына

Балабақша меңгерушісі Сансызбаев Батырхан ағайға сөз кезегін береміз

I жүргізуші:

Білесіңдер ме? Наурыз тойының өзіне тән үлкен ырым асы – Наурыз көже. Наурыз көже жеті түрлі дәмді астың құрамынан жасалады. Оның мәні жаңа жылда тойымшылық, молшылық, татымды өмір болсын деген ырымды, тілекті паш етеді. Наурыз тойындағы тағамдарда көбінесе ақ тамақ басым болады. өйткені бұл кезде төрт түлік төлдеп, ақ молайған кез.

II жүргізуші:

Ата салтын бабамның,

Алып келді ұлыс күн.

Бір анадан туғандай,

Бір ұядан ұшқандай.

Бір аспанның астында,

Бір дастархан басында

Береке – бірлік болсын деп,

Көп көжеден дәм татып,

Күшейтейік бірлікті.

І жүргізуші: Барлықтарыңыздың наурыз көжеден дәм татуға шақырамыз!

Мереке құтты болсын!

Бекітемін:

ЖШС-гі «Ақжайық» бөбекжай-балабақшасы

Меңгерушісі _____ Б.Сансызбаев

«Ақ көгершін»тобы

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: «9мамыр- Жеңіс күні»

Тәрбиеші: Абдикаримова А

2024-2025 оқу жылы

9-мамыр Жеңіс күні

Мақсаты- Балаларды адамгершіліккеғ отанын суюге,оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеушілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды Ұлы Отан соғысымен таныстырырып,ой өрісін дамыту. Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге,оларды қадірлеуге тәрбиелеу.
Көрнекілік- Ұлы Отан соғысы туралы суреттер,гүлдер, шарлар Әнұран орындалады.

Үнтаспадан тыңдау: Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! 1941 жылы 22 - маусымда таң шапағы жаңа ғана арайланып келе жатқан кезде елімізге қауіп төнді. Халқымыз адам айтқысыз қиын - қыстау кезеңге душар болды. Фашистік Германия елімізге опасыздықпен басып кірді.

Тарих кеші үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескермейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бәрі әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетің батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан ұмытпақ емес. Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1941жылы маусымның 22 - де болған еді. Бірақ сол кездегі Кеңес елінің бірлігі мен достығының арқасында 1945 жылы 9 - мамырда бұға Ұлы Жеңіспен аяқталды.

Тәрбиеші: 9 мамыр Жеңіс күні құтты бүкіл дуниежүзі бойынша улкен мейрам. Әсересе, бұл мерекені екінші дуниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойнымен көтеріп, Отан үшін от кешіп, соғыстың қанға бөккен даласында қайсарлықпен шайқасқан, Жеңістің туын желбіреткен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін ерекше мейрам. Күндіз күлкі, түнде үйіміз тыныш болсын деген тілекпен,бүгінгі “9мамыр- Жеңіс күні” атты ашық сабағымыз бізге балалық шақ,бейбіт өмір әперген Ұлы Жеңіске арналады. Жыл сайын 9 мамыр күні адамдар ескерткіштерге барып, жауынгерлердің тас мүсініне айналған бейнелеріне гулшоғын қойып, еске алады.



Дәл осынау жадыраңқы жай күні,
Болсадағы қай ғасырды, қай күні.
Ұлы Отаным басын иіп бір минут,
Есіне алмақ сол бір апат қайғыны. (1 минут үнсіздік)

Балалар Отан-туған жер туралы тақпақтар.

Отан үшін жанымызды береміз
Отан үшін барлығына көнеміз.
Отаның да,ананің да алдында,
Осы өмірде парызды қтеп кетеміз.

Сарқылмайтын қуатым,
Тірегімсің сен Отан.
Мәңгі соғып тұратын,
Жүрегімсің сен Отан.

Туған жерде толамыз,
Ертең жігіт боламыз.
Отан ортақ үйіміз,
Көңілді ән мен күйіміз.

Жер мен көктің арасын,
Шарпығанда қалың өрт.
Әлия орыс қаласын,
Азат етіп, болды мерт.

Әлиядай апамыз,
Бауыржандай атамыз
Фашистерден Отанды
Қорғап, батыр атанды.

Тәрбиеші: Балалар сендерге сурақ, біздің шекараны кім қорғайды? (солдаттар) Әрине дұрыс, ал енді кімде солдаттар туралы тақпақ бар.

Шахзод:

Шекарада солдат тұр.
Ел бақытын қорғап тұр.
Көңілденсін ағалар,
Амандық хат жолдап тұр.

Енді Атамекен әніне кезекті берсек
Ән: «Атамекен»

Тәрбиеші- Осымен бүгінгі “9-мамыр Жеңіс күні” атты ашық сабағымыз өз мәресіне жетті. Назарларыңызға рахмет, сау болыңыздар.

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі «Ақжайық»бобекжай-балабақшасы

меңгерушісі_____ Б.Сансызбаев

Ертеңгілік

Тақырыбы:«Қош бол,балабақша!»

Тәрбиешілер:Ш.Раметова

О.Абдукаримова



2024-2025 оқу жылы

«Қош бол,балабақша!» мектепалды даярлық топ балаларына арналған балабақшамен қоштасу ертеңгілігі

Мерекеге сай әсем безендірілген залда фанфар ойналып, екі бала ортаға шығады.

Шахриер:

Ақ тілекті ағытып бір тастайық,
Қоштасатын кешімізді біз бастайық.
Жүздеріңнен көрем шаттық арайлы
Болсын солай әрбір күніңәр айың.

Анда:

Ақ тілекті ағытып бір тастайық,
Қоштасатын әнімізді бастайық.
Әдеп пенен өнегені үйреткен
Бақшамызды есімізде сақтайық!

Бірге:Бүгінгі қоштасу кешімізді бастай отырып, білім мен тәрбие нәрін сусындаткан тәрбиешілерімізді ортаға шақырамыз!

Көңілді музыкамен екі тәрбиеші кіреді.

Тәрбиешілер: Сәлеметсіздерме құрметті қонақтар! «Аққөгершін» тобының «Бақытты балалық шағым» - атты балабақшамен қоштасу кешіне қош келдіңіздер!

1-ші тәрбиеші: Сәлем гүлдей жайнаған балғындарым,

Бақшамыздан тәрбие алғандарым.

Енді міне ер жетіп бәрің бірге,

Достарыңмен мектепке барғандарың.

2-ші тәрбиеші: Балаларым, балапан, балғындарым,

Кілең беске оқындар жарқындарым.

Аттаныңдар жұлдарың жазылмасын,

Ешқандайда қиындық жолықпасын.

1-ші тәрбиеші: Ата-аналар , балаларымыздың әдемі көрікті жарық топтарын достарымен бірге ойнаған әртүрлі қызықты уақыттарын және осыншама жыл бірге болған балабақшадағы қызықты күндеріне бір шолу жасасақ экранға назар аударамыз.

2-ші тәрбиеші: Біз бүгін осы жерде, балабақша өмірінен алынған қызықты кезендерге кезек берейік!

Үшінші кезең ол – ностальгиялық экранға назар аударыңыздар.

Экранда видеролик қосылады.

1-ші тәрбиеші: Толқимыз, толқып түрсыз баршаңыз да,
Мұндай күй болған сірә, қаншаңыз да.
Қол соғып, көшеметтеп шақырайық,
«Ақжайық» бүлдіршін түлектерін.

Алдарыңызда....

Кішіпейіл, мейрімді біздің Зехраны қарсы алыңыздар.
Байсалды, қамқор ұлымыз Шахриер
Жібектей мінезі бар Аида.
Еңбеккор, білгіш Ағабек.
Ақжарқын, аққөңіл Дилбек
Ақжарқын, сезімтал қыз Мухлиса

Анасының еркесі Арзу..
Болаттай қайратты Бекзат.
Ата - анасының көз жанары Рабия.
Ақылымен іс тындырған, нар жігіт Нурислам.
Тобымызда өнерімен танылған Рамазан.
Ақжарқын, анасының еркесі Рисматова Раяна.
Өзі шапшаң, әр қырлы Әлихан.
Еңбеккор әрі ақылды қыз Шохруза.

2-тәрбиеші
Өте нәзік, өте зерек қызымыз Диана
Белсенді, ойшыл Иброхим
Анасының еркесі Фарангиз

Қайсар жайсаң жігіт Бунед
Ақылы мол, спортқа жақын Мустафа
Әкесінің қамқоршысы еркеде пысық қыз Абдувалиева Раяна.

Зейінді де,әдепті жігіт Алиаскар

Бота көзді мейрімі мол қыз Мейірім

Алғыр,биязы жігіт Расул

Мың бұралған сүйкімді ару Дилнура

Шыдамды,қамқор жігіт Алихан

Сабырлы,ұяң қызымыз Раяна

Ортаға шығып Рамазан тақпағын орындайды қалғандар вальстегі орындарында тұрады.

«Кел балалар »деп шақырдың біздерді

Армандарын көбейді ізгі енді

Құлпырсын балабақшамыз алға қарай

Кең құшағың толтырсын гүлге сән

Үшырдың баурыңнан алған түлек

Құлпырдым өзіңнен сән түлеп

Балабақшам мейірімді анамдай

Қаларсың жолыма нұр тілеп

Қарашы бүгінгі күн қандай

Қалайша қаласың нұрландай

Вальске ілескен біздермен

Жер шары айналып тұрғандай

Жиналамыз шат күлкімен бақшаға

Тең келмейтін ғажап мекен басқаға

Дәл осындай балабақша бар біздерде

Қоштасатын күн келді біздерге.

1-ші тәрбиеші: Міне, балалар, сендер көптен күткен қимастығы мен қуанышы бірдей мерекелерің басталыпта кетті. Сендерді осы қуанышты күндеріңмен құттықтауға балабақшамыздың ең кішкентай бүлдіршіндері келіп тұр. Қарсы алайық.

Бөбектердің құттықтауы:

Жолдарың болсын, сәт сапар,
Бақытты бәрің болыңдар!
Жаксы оқып сабақты,
Кілең «бестік» алыңдар!

2-ші тәрбиеші: Жарайсыңдар, бүлдіршіндер.Сендерге көп рахмет. Міне біздің балаларымыз осындай кіп-кішкентай, тәп-тәтті болды. Ал, енді бүгін балабақшамен қоштасып, мектеп табалдырығын аттамақшы. Бұл кішкентай бүлдіршіндерге біздің балалардың арнаған тақпағын қабыл алыңыздар.

Даярлық топтың баласы кішкентай балалардың жанына келіп
Бірге ойнап, бір жүрген,
Күндерді біз қимаймыз.
Естелік болсын біздерден,
Ойыншықтар сыйлаймыз -деп, сыйлықтарын береді. Сәбилер ризашылықтарын білдіріп, залдан шығып кетеді.

Екінші кезең ол– лирикалық (Балабақшаның өмірінен үзінді тыңдаңыздар):

Тақпақтар.

Оқимыз білім аламыз,
Болашақ жолын табамыз
Бақшамызбен қоштасып,
Біз мектепке барамыз.
Үлкендердей тап-таза
Жазамыз бормен тақтаға
Үлгілі бала боламыз
Жүретіндей мақтана.

Дилбек

Балабақша, балабақша
Шаңырағы шаттықтың
Балабақша қорғанышы
Балғын сәби жастықтың
Қуанамыз сыйлаймыз
Қуаныштың мың гүлін
Бақшамызбен қимай біз
Қоштасатын күн бүгін.

Рабия.

Мектепке енді барамыз
Жақсы оқып сабақты

Кілең бестік аламыз!
Балабақшам қош енді
Әркез аман бол деймін
Әкем менен анамды,
Ертіп енді келмеймін.

Өзіңнен көп дос таптым,
Бауыр баса бастаппын

Бекзат

Тәрбиешілер мейірбан
Келмей тұр енді қоштасқым,
Тәрбие берген ұямыз,
Тәртіпті бала боламыз
Қоштасып бала бақшамен
Біз мектепке барамыз.

1-Тәрбиеші:Келесі ән-жырымыз «Ақжайық» бөбекжай балабақшасына арналады қабыл алыңыздар.

Ән: «Ақжайық».

2-ші тәрбиеші: Үшінші кезең: ол–ойын сауық деп аталады.

Ойын ойнап өскен баламыз,

Оссін акыл ой мен санамыз деп Қарапайым математика және сауат ашу, көркем әдебиеттен білімімізді сынайық я балалар.

Тәрбиеші:Яғни балалар сендерге түсіндіріп өтейік.Бұл жерде нелерді көріп тұрсыңдар?

-Киіз үй және лото ойынының заттарын көріп тұрмыз

-Ия бұл жайғана киіз үй емес оның іші толған тапсырмалары бар екен ал лото ойыны есе ол көмекке келіп тұр екен.Балалар сендер тапсырмаларды орындағыларың келеме?

-ия!

-Ал олай болса менің алдыма бір балалан келсін.

(барабан айналып ішінен бір тапсырманы алады және соны орындайды.Киіз үйдің әр бөлігінде 2-3 тапсырма болады сандармен ал барабанның ішіндегі тапсырмалар сандардан құралады бала барып сол сан арқылы тапсырма орындайды.Әр балаға бір тапсырма беріледі)

1. Сұрақ жауап.

2 .1-10 сандарды реттілік пен қой

3.Қандай әріп және сол әріптен қандай сөз келеді?

4.Есеп шығару.

5.Сүретті құрастыр

6.Бұл қандай сөз оқып беру

7.жұмбақтың шешуін тап

8.сүретті жалғастыр

9.сүреттерде әңгіме құрастыру

10.сұрақ-жауап.

1-ші тәрбиеші: **Төртінші кезең ол – драмалық.яғни өнерлерін паш етуге арналады батыр қыздар биімен мың бұралған биші қыздарымызды сахна төріне шақырамыз.**

(Әуен ойналып, есіктен режиссер, оператормен бірге кіреді).

Режиссер:Сәлеметсіздер ме, балалар! Сәлеметсіздер ме, қонақтар.

2-Жүргізуші:Сәлеметсіз бе, қош келдіңіз біздің "Ақжайық" балабақшасына.

Сіз кім боласыз?

Режиссер: Мен режиссер мырза боламын. Қасымда оператор жігіт Нәке. Біз "Қазақстан" телеарнасынан сіздердің ертеңгіліктеріңізді естіп, арнайы келдік. Мен сіздердің балаларыныздың өнерлі екенін естіп жүрмін. Соны мен өз көзімен көруге келдім.

1-Жүргізуші: Ия, Режиссер мырза. Біздің қыздарымыз өте өнерлі. Ендеше көріп тамашаланыз.

Би: "қамажай". (қыздардың орындауында)

Режиссер: Расында да балаларыңыз талантты екен.Оған көзім жетті. Енді осы талантты балалармен мектеп өмірінен шағын үзінді фильм түсіргім келеді. Сол жайында мен бұл балабақшада кастинг өткізбекшімін.

1-ші тәрбиеші: Ой, кандай керемет! Ал, Режиссер мырза біздің балалар киноға түсуді бұрыннан армандап жүр еді. Бүгін олардың армандары орындалатын болды.

Режиссер: Тұра тұрыңыз. Бұл фильмге балалар ата-аналарымен катысуы кажет. Бұл шағын түсірілімнің шарты мынандай. Бір бала мектептен екі деген баға алып келді. Сол жағдайға байланысты ата ананың үш жанрда сөздап берулері керек.

Көрініс: "Таңы екілік"

Режиссер:Stop! Түсірілді. Іздегенім де осы еді. Рахмет, сендерге. Енді бұл түсірілімді жиырма бесінші мамырда "Қазақстан" арнасында тамашалауды ұмытпаңыздар. Сау болыңдар, балалар! (шығып кетеді).

2-ші тәрбиеші: Бесінші кезең: ол- тосын кездесулер.

(Екі пират секіріп, жүгіріп муз. залға кіреді Расул мен Рамазан).

1 қарақшы:Ой, мында каншама адам жиналған?

1-ші тәрбиеші: Біздің мерекемізге қарақшылар да келіп капты. Сәлеметсіңдерме!

2 қарақшы:Сендер мында неге жиналып отырсыңдар?

2-ші тәрбиеші: Біздің балалар балабақшамен қоштасып, мектепке баруға дайындалып жатыр.

(екеуі сыбырласады)

1 қарақшы:ЕЕЕ оның дұрыс екен, мектепке барасыңдар. Дұрыс істедіңдер, тамаша. Тез арада біздің мектепке жазылыңдар!

1-ші тәрбиеші: Сіздердің мектептеріңіз қалай аталады, онда біздің балаларға оқуға мүмкіндік барма?

2 қарақшы:Әрине бар. Біздің мектеп «Зиян келтірушілер ғылымы» деп аталады. Онда ешқанай тест, емтихан тапсырмайсыңдар және тегін оқисыңдар.

2-ші тәрбиеші: Сіздердің мектепте не үйретеді?

1 қарақшы:Біріншіден алдауды, ешқашан шындықты айтпауды.

2 қарақшы:Ал, екіншіден, қыз балаларды ренжітіп, ұл балаларды төбелеске үйретеді.

1 қарақшы:Ең бастысы сабақтан қалай қашып кетуді, кітапты жыртып, қалам, карындашты ұмытып, кінәні біреуге жаба салуды үйретеді. (күледі)

1-ші тәрбиеші: Қане, қане токтатыңыздар, сіздерге еркіндік берсең осы. Мектепте осындай нәрселерге үйретеме екен? Біздің балалардың өлең жолдарын тыңдап, әркез естеріңізге сақтап алыңыздар. Содан соң сіздерде де біздің балалармен бірге жақсы мектепке жолға шығыңдар.

Математика (Раяна): Біздің келер шамамыз,

Бестен үшті аламыз.

Төртті бөліп екіге,

Жауабын тез табамыз.

Әдептер (Арзу): Ел құрметпен оғалар,

...осың бар, ол — тазалық .

Кел, дәптерге балалар,

Тап-таза етіп жазалық .

Күнделік(Дилнура): Жазулы мәнде әр күннің,

Бар мінезің, тәртібің.

Дос болайық жарқыным,

Жолдасымсың сен менің.

Музыка ойналып, залға **«Әліппе» Аида кіреді.**

Әліппе: Сәлем, достар! Мұнда не болып жатыр? Сендер кімсіңдар, не істеп жүрсіңдер?

1 қарақшы: Біз балаларды өз мектебімізге шақырып жатырмыз. Біздің мектеп Воооо.....

2 қарақшы: Ия, ия... (күліп) Келсеңдер болды. Ең бастысы сабақтан қалай қашып кетуді, кітапты жыртып, қалам, қарындашты ұмытып, кінәні біреуге жаба салуды үйретеді. Ал біз мыналарды өзіміздің мектебімізге алып кетеміз (математика, дәптер, күнделікті көрсетіп)

Әліппе: Ой, ой олай болмайды. Мектеп ол киелі білім ордасы. Мектеп білім айдынындағы үлкен кеме. Мектепте сендер шынайы дос табасыңдар, білім алып, өмірді үйренесіңдер.

Қарақшылар: Еее, жоқ, жоқ біздің мектеп сендердің мектептеріңненде күшті. (шулай бастайды)

Әліппе: Тоқтаңдар, қарақшылар, шуламаңдар! Біздің балалар әріптерді жақсы таниды. Әріптерден сөздер де құрастыра алады. Қане, балалар, біз өзіміздің білімімізді жұмбақ шешу арқылы көрсетейік.(Балаларсауат ашу жасырған жұмбаққа жауап беріп отырады).

Қабат-қабат қаттама, ақылың болса аттама. (Кітап).

2. Білімнен мол сый-асы,

Балғындардың ұясы. (Мектеп)

3. Ұшымен қазық торкөзді жазық

Үстіне өттім асыл сөз жазып. (Дәптер)

Әліппе: Жарайсыңдар, балалар!

Қарақшылар:(Ұялып)Әліппе, балалар,біз енді ондай қылықтарды жасамаймыз. Сендерді қатты ренжітіп алсақ кешіріңдерші. Әліппе, бізде балалармен бірге мектепке барсақ болады ма?

Әліппе: Әрине, мектепке барып жақсы білім нәрін сусындатып, болашақ еліміздің бетке ұстар азаматтары боласыңдар.

2-ші тәрбиеші: Балалар, Қарақшыларды кешіреміз бе?

Балалар: Әрине.

Әліппе: Жарайсыңдар балалар, мен сендерге бір сұрақ қойғалы отырмын. Мағанда, сағанда туыс жақын бес адам.

Оңға оқы, солға оқы, өзгермейді ешқандай?

Бірге: АТА, АПА, АНА, АҒА, ІНІ.

Әліппе: Рахмет, балалар. Онда балалар мен сендерді күзде мектепте күтемін.

Қарақшылар: Рахмет, сіздерге. Біз енді мектепке дайындалайық. Сау болыңдар! (барлығы бірге шығып кетеді).

Міне біз ақырғы кезеңге де жеттік: ол- қоштасу

1-ші тәрбиеші: Біздің балапандардың өнерлі, білімді, ақылды және тәртіпті болып өсуіне өз үлесін қосқан балабақшаның барлық қызметкерлеріне алғысымыз шексіз. Ендеше, балдай тәтті балаларымыздың осы балабақша қызметкерлеріне арнаған алғыс айту жыр шумақтарын тыңдайық.

Анда:

Басшысы балабақша ұжымының

Алға бізді жетелер

Қиындық туссе бір сәтте

Еңсемізді көтерер.

Бақшамыз жандансын

Алдыңғы жақтан көрініп

Жасай берсін басшымыз

Мұстафа Мөлдір Нұрланқызы

Сізге мың алғыс!

Диана

Орын берген бақшадан

Меңгеруші жақсы адам

Сондықтанда біз үшін

Артық өзі басқадан

Жеткіземіз біз ертең

Болашаққа даңқыңды

Меңгеруші ағайым

Батырхан Сансызбаев мырзаға

Бар баланың алғысы

Фарангиз:

Жайдары жүз, ай кабақ

Жүреді бізді аймалап

Тобымызға жиі келіп

Білгенінді сұрайтын

Білмегенін үйретер

...балабақша әдіскерлеріне

Кетеміз сіздерден алыс

Сіздерге мың алғыс!

Шохруза :

Өзіңізді қимаймыз,

Қашықта болса арамыз,

Сіздерге келіп тұрамыз,

Оянды ақыл санамыз.

Адалдықтың бастауын,

Сіздерден алып барамыз.

Оқу, білім, үйреткен.

Тәрбиеші апайлар

Сіздерге рахмет!

Аб.Раяна:

Бөлмемізді тазалап,

Аппақ төсек әкеліп,

Бізге салып береді.

Еденді де тазалап,

Ас та алып келеді.

Тәрбиеші көмекшісі

Сізге рахмет

Мейірім:

Қайнаған су әкеліп,

Іш деп дәрі береді.

Витамин жеп колынан

Өскен сәби баламыз

Дәрігер апайлар сіздерге

Алғысымыз көп біздің.

Рис. Раяна

Жаттығулар жасатып,

Шыныктырар біздерді.

Денемізді тік ұстап,

Сұлу болып өстік біз.

Айтамыз біздер мың алғыс!

«Порохим:

Тәтті тамақ пісіретін,

Айран сүтін ішкізетін,

Аспазшылар сіздерге

Айтамыз бізден мың алғыс!

Бәрі: Адам етіп баптаған

Ардақтап бізді мақтаған

Ұстаздарымыз, сіздерге

Таза сәби жүректен

МЫҢ АЛҒЫС!!!

Келесі кезекті ұлдарымыздың жігіттер биімен қарсы алыңыздар

2-ші тәрбиеші:

Айналайын гүлдерім,
Ақ шуақты күндерім.
Ерекше қызық тілдерің,
Естен кетпес үндерің.
Сүйкімді балғын болашақ,
Сендердікі болашақ.
Озат болып оқыңдар,
Ойға білім тоқыңдар.

1- **Тәрбиеші**:Бүгінгі «Қош бол,балабақшам » - атты мектепке шығарып салу ертеңгілігіміз аяқталды! Сау болыңыздар дей отыра: **«Қоштасу әнін!» қабыл алыңыздар.**
2- **Сөз соңында айтарымыз балаларымызға жолдарың әр қашанда ашық болсын мектепті үздік бағалар бітіріп әр қайсың өз армандарыңа жетулеріңе тілек білдіреміз.сөз кезегін «Ақжайық» бөбекжай балабақшасын басшыларына берсек жәнеде апайлардың сыйлықтарын табыстауға рұқсат етсеңіздер.**


ӘЛІППЕ
Кунделік
Дневник
Diary
МАТЕМАТИКА
1


2025


2025


2025